

Бекітемін:
«Еркетай» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
менгерушісі  Сарпикова А.Б.



**«Еркетай» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
2020-2025 жылдарға арналған
стратегиялық даму жоспары**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ «Еркетай» бөбекжай-бақшасы»МҚКК 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары бөбекжайдың №1 жоспардан тыс педагогикалық кеңесінің шешімі №1хаттама 03.09.2019 жылы қабылданды. Стратегиялық жоспардың әзірлеушісі: Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Құмтоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ «Еркетай» бөбекжай-бақшасы»МҚКК меңгерушісі Сарпикова А.Б. және педагогикалық ұжымы.

Бағдарламаның құқықтық негіздері:

- 2002жылғы 08тамыз « Бала құқығы туралы конвенция»
- Қазақстан Республикасы Конституциясы
- Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңы 2007ж
- Мемлекеттік білім беру стандарты
- Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары
- 12 жылдық білім беруге көшу кезіндегі білім беру жүйесінің даму стратегиясы
- «Еркетай»бөбекжай-бақшасы» МҚКК Жарғысы -2020 жыл
- 1990 жыл 30 қыркүйек. Балалардың дамуы және қорғауын, өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету Дүниежүзілік декларациясы
- Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы - Қазақстан Республикасының президенті –Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050»стратегиясы «Мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы және «Қазақстан» жаңа жаһандық нақты ахуалда «Өсім, реформалар, даму» бағдарламасы

Бағдарламаның негізгі мақсаттары:

- «Еркетай» бөбекжай-бақшасы»МҚКК – 2020-2025 жылдарының аралығында жұмыс бағыттарын айқындау;
- Білім беру мекемесінде бала өмірін сақтау, денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;
- Адами капиталды дамыту мақсатында оқу-тәрбие процесіне замануи білім беру технологияларын енгізу және мемлекеттік үлгілік оқу бағдарламасын пайдалана отырып білім беру сапасын арттыру.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- Заманауи технологияларды пайдалана отырып, бөбекжай-бақшада білім беру қызметінің тиімділігін арттыру негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ету және жағдай жасау;
- Әр түрлі жағдайларда білім беру мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету;

- Білім беру жүйесінің даму стратегиясын жүзеге асыруда инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру негізінде бөбекжай-бақшасының кадрлық потенциалын өмір бойы білім алу жүйесінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Балалардың білім алуға деген қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың вариативті желісін жаңашыл ақпараттық-технологияларды (робототехника, зерттеу құралдары) қолдану шеңберінде ұлғайту;
- Тәрбиеленушілердің психикалық және физиологиялық денсаулығын күшейту және қорғау жөнінде жұмыс жүйесін, салауатты өмір салтын жетілдіру, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Бағдарламаның негізгі бағыттары:

1. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу және білім беру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда заманауи технологияларды пайдаланып, дамуын жетілдіру.
3. Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын нығайту және дамыту.
4. Материалдық-техникалық базасын нығайту.
5. Бюджеттік және демеушілік көмекпен қаржыландыру.

Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі мен кезеңдері:

2020-2025 жылдар аралығында жоспар үш кезеңмен жүзеге асырылады:

1 кезең - 2020-2022 ж.ж.

Енгізу – өзгеріске түскен және жаңа әдістерді саралаудан өткізу, оларды бөбекжай-бақшасының ағымды жұмысына енгізу.

2 кезең - 2022-2024 ж.ж.

Енгізу – ендірілген әдістердің сапасын арттыру, саралаудан өткізу,

3 кезең – 2024-2025 ж. Қорытындылау - нәтиже шығару – қорытынды шығарып, алынған нәтижені даму жоспары көздеген мақсаттарымен және міндеттерімен салыстыру.

Бағдарламаның қаржылау деректері (бюджеттік қаржыландыру, демеушілік көмек): Берілген бюджетті қолдану, демеуші көмек, қайырымдылық, гранттық байқауларға қатысу арқылы.

Бағдарламаның орындалу барысында күтілетін шекті нәтижелері:

Бағдарламаның іске асыру соңында күтілетін келесі нәтиже жоспарланады:

«Еркетай» бөбекжай-бақшасы» МКҚК жұмысы нәтижесінің сапасын стратегиялық даму жоспарына сәйкес арттыру.

МДҰ шығармашылық бағытының негізінде, білім сапасын арттыру.

Білім беру мекемесіндегі қызметкерлер жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде өз білімдерін жетілдіру.

Бөбекжай-бақшасында білім мен тәрбие беру процесінде заманауи технологияларды толық түрде қамту.

Білім беру мекемесінің материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуіне барлық жағдай жасау.

Бағдарламаның сарапшылық механизмі:

Даму бағдарламасының орындалу барысына бөбекжай-бақшасының әкімшілігі бақылау жасайды.

2020-2025 жылдар аралығында қарастырылатын: іс-шаралар тізбесі, мақсатты көрсеткіштер және іс-шара бағдарламаларының шығындары, іс-шара өткізу механизмі, орындаушылар құрамы, қажеттілігіне байланысты толықтырулар енгізіледі.

Бағдарламаның түзету тәртібі мен кезеңдерінің дәлелденуі:

Жыл сайын анықтау: іс-шаралардың тізбесін, бағдарламаның іс-шараларының шығыны мен мақсаттық көрсеткіштерін, іс-шаралардың іске асуын орындаушылар құрамы, қажет жағдайда өзгерістер енгізіледі.